

Ақсу қаласы Евгенийевка селолық округі әкімінің 2015 жылғы 24 тамыздағы "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-09/04 шешімінің күшін жою туралы

Павлодар облысы Ақсу қаласы Евгенийевка селолық округі әкімінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1-09/06 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі “Ветеринария туралы” Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Ақсу қалалық аумақтық инспекциясы басшысының 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 2-19/848 ұсынымы негізінде, “Рямбов” шаруа қожалығының мал шаруашылығы фермасында ірі қара малдың лейкоз ауруы бойынша шектеу іс-шараларын алып тастауға байланысты, ШЕШІМ қабылдаймын:

1. Ақсу қаласы Евгенийевка селолық округінің аумағында орналасқан “Рямбов” шаруа қожалығының мал шаруашылығы фермасында ірі қара мал лейкозы бойынша шектеу іс-шаралары алынып тасталсын.

2. Ақсу қаласы Евгенийевка селолық округі әкімінің 2015 жылғы 24 тамыздағы “Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы” № 1-09/04 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4715 болып тіркелген, 2015 жылғы 25 қыркүйекте № 37 “Ақсу жолы” және № 37 “Новый путь” газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

*Евгенийевка селолық
округінің әкімі*

Т. Бейсенбаева